

Бөрлі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 23-12 "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 тамыздағы № 29-8 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 қыркүйекте № 4028 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 33-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 11.01.2016 № 33-2 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына сәйкес, Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөрлі аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 23-12 " 2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3753 тіркелген, 2015 жылғы 29 қаңтардағы "Бөрлі жаршысы - Бурлинские вести" газетінде жарияланған), мынадай өзгеріс енгізілсін:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесіне ауылдық жерлерде қызмет ететін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру , мәдениет, спорт және ветеринария саласының азаматтық қызметшілеріне осы қызмет түрлерімен қалада айналысатын азаматтық қызметшілердің ставкаларымен салыстырғанда лауазымдық жалақыларын жиырма бес пайызға көтеру белгіленсін."

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Б. Б. Мукашева) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Е. Кемелханов
А. Куликешев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК